




14-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Тарихи антропологияның Ресейдегі  
алғышарттары





Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Тарихи антропологияның Ресейдегі алғышарттары  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

**Мақсаты:** «Тарихи антропология» аясында оқу құралында Ресей еліндегі ғылымның осы саласының қалыптасуы сөз болады. Осы дәрісте тарихи антропологияның Ресейде қалыптасуының өзіндік жолы мен ережелерін қарастырамыз.

## Негізгі идеялары:

### 1. Ресейдегі тарихи антропология негізін қалаушылар

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Ғылыми қоғамдастық ешқашан біртекті болмайды, бір пікірлілік тоталитарлық режим жағдайында ғана кездеседі, онда да тек сыртқы, жасанды сипатқа ие. Сол себепті, қалаған жағдайда, идеялары кейінірек пайда болған бағытпен үндесетін бұрынғы ғалымдарды әрқашан-дерлік табуға болады. Әйтсе де, бұл идеялар әлдебір сәтте неге кеңінен таралды, неге олардың негізінде ықпалды ғылыми бағыт пайда болды деген сұраққа негіз қалаушыларды іздеу әрекеті түсінік бере алмайды.

Ресей тарихи антропологиясына негіз болған француз «Аннал» мектебінің еңбектері, бірақ біз пікірталасқа негізгі себеп болып отырған бірнешеуіне ғана тоқталамыз. Солардың ішінде көпшілік оқушы қауымға онша танымал емес Дарнтон зерттеулері ерекше тұрады. «Крестьяне рассказывают сказки: смысл Матушки Гусыни» атты бірінші тарауда автор ертегілерді талдау арқылы француз шаруаларының «ментальді әлеміне» енуге тырысады. Дарнтон XIX ғасырдың фольклористері жазып алған түпнұсқалық француз ертегілерінің балаларға қазір оқып беріп жүрген нұсқаларынан қатты өзгеше екеніне назар аударады. Және басты ерекшелік - қандай да бір детальдарда емес, осынау халық ертегілерінің таңқаларлықтай аяусыздығында. Оның себебі туралы ойлана келе, Р.Дарнтон ескі жүйедегі, яғни XV-XVIII ғасырлардағы шаруалар өмірінің аштық, өлім-жітімнің көптігі, мұқтаждық сияқты қатаң шындығына меңзейді. Бұл әлем - ауыр еңбек пен үнемі тоя тамақ жемеу, өгей шешелер мен өгей қыздар, балалар тек тамақ жейтін ауызды көбейткен артық масыл болып көрінген әлем болатын. Аталған нәрселердің фольклордан көрініс тапқаны таңқаларлық жайт емес. Француз ертегілерін неміс және ағылшын ертегілерімен салыстыра отырып, Р.Дарнтон бұлардың алғашқысы ең әуелі ұлттық ментальдық ерекшеліктеріне бай мәдени стильге ие деген қорытындыға келеді. «Француздарға тән ерекшеліктер (французскость) бар (Frenchness exists), - деп тұжырымдайды автор. Ертегілер әлемнің құрылымын және өмір сүру үшін не істеу керектігін көрсетті. Олар христиандық жақсылық жасаушыларды мадақтаған жоқ, керісінше қулық пен сұрқиялықты құптады (етік киген мысық осы қасиеттердің символы болып табылады). Автор бұл француздық мәдени стилінің ғасыр бойы өзгермегенін айтады: ата-бабасының жергілікті сеньордан қулығын асырғысы келгені сияқты, бүгінгі француз да аса құдіретті мемлекетті алдауға тырысады.

Бұған қоса кететін бір жайт, бүгінгі қандай да бір ықпалды ғылыми ағымның негізін қалаушысын атай отырып, айтушы аталған бағыт туралы өз түсінігі аясында ой түйеді: келтірілген есімдер оның мәнісін ашып көрсетуге (сол автордың оны қалай түсіндіретініне қарай), оның даму барысын белгілеуге қолданылады. Сондықтан түрлі авторлардың жазбаларына орай, кей-кейде түрлі ғылыми бедел иелері тарихи антропологияның ізашары болып шығады, сөйтіп талқыланып отырған бағыттың егжей-тегжейі бойынша тағы да пікір үйлесімсіздігін туғызады. Мысалы, 1998 жылы Мәскеуде өткен конференцияда тарихи антропология бастауын XIX ғасырдағы орыс филологтарының еңбектеріне теліген А.Л.Топорковтың жоғарыда келтірілген болжамымен қатар, тарихтағы антропологиялық тәсілдеменің алғышарттарына қатысты өзге де пайымдар айтылды: О.М.Медушевская мен М.Ф.Румянцева бұл алғышарттарды «жаттың жандануын мойындау» принципі алға тартқан А.С.Лаппо-Данилевский шығармасынан тапты. Әрине, беделді адамдарға жасалған бұл сілтемелер тарихи-антропологиялық тәсілдеме мәнін авторлардың әрқайсысы қаншалықты әрқалай түсінетінін айқын дәлелдеп тұр: егер А.Л.Топорков үшін негізгі назарда мифологиялық сананы, халықтық дінді және мәдениетті зерттеу болса (өздері дәйексөз алып отырған Ф.М.Буслаев, А.Н.Афанасьев, А.А.Потебня да тап осымен айналысқан), О.М.Медушевская мен М.Ф.Румянцева философиялық антропология, тарихтағы даралық идеясын басшылыққа алады.

Соңғы уақытта Ресейдегі тарихи антропология негізін қалаушылар роліне «үміткерлер» тізімі үнемі ұлғайып келе жатыр. М.Г.Вандалковскаяның пікірінше, шығармаларында ресейлік тарихтың дамуындағы тұлға роліне айтарлықтай көңіл бөлінгендіктен, «антропологиялық тәсілдемені жасауға Б.Н.Чичерин мен Н.И.Кареев үлкен үлес қосты».



Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Тарихи антропологияның Ресейдегі алғышарттары  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

### Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

### Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Алматы, Лекции по философии истории. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитонова. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodoloqu. Chicaqo, 1965.